

"Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды лицензиялау ережелерін" қолдану бойынша нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар Министрлігі 1998 жылғы 7 қазан N 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 24 желтоқсан N 657 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 12 желтоқсандағы N 490-І бұйрығымен

"Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды лицензиялау ережелерін" бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулысын орындау үшін Бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды лицензиялау ережелерін" қолдану бойынша нұсқаулық б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы (С.Ш.Есенов) Нұсқаулықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұ с ы н с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-министрдің м.а. Е.Е. Міржақыповқа жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрінің 1998 жылғы
7 қазандағы N 211 бұйрығымен

Бекітілген

"Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды лицензиялау ережелерін" қолдану жөніндегі Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 17 сәуірдегі Жарлығының , Қазақстан Республикасы Министрлері Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасының Көлік

инспекциясы туралы ережені бекіту туралы" 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 257, " Жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымды төлеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулыларының талаптарын ескере отырып әзірленген.

2. "Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды лицензиялау ережелерін бекіту туралы" (бұдан әрі мәтін бойынша "Ережелер") Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулысымен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі лицензиар болып анықталды.

"Қазақстан Республикасының көлік-коммуникациялық кешенінде лицензиялық жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру туралы" Көлік және коммуникациялар министрінің 1998 жылғы 3 ақпандағы N 22 бұйрығымен Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы жолаушылар мен жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау құқығына лицензиялар беру бойынша уәкілетті орган болып тағайындалды.

3. Көлік инспекциясы жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштерді (1 және 2 қосымшалар) және соларға қоса берілетін құжаттар пакетін қарайды, жолаушылар мен жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаумен айналысуға лицензиялар береді.

4. Балансында, мүліктік жалдауында, сенімді басқаруында темір жол көлігінің жылжымалы құрамы, қатынас жолдары немесе кірме жолдары (қалтарыстары) бар немесе жалдайтын және жолаушылар мен жүктерді тасымалдау бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер лицензиялаудың субъектілері болып табылады.

Шетелдік жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар жолаушылар мен жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаумен айналысуға лицензияларды салықтық тіркеуден кейін, егер өзгешесі заңдармен қарастырылмаса, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларды алатын шарттармен және сондай тәртіпте алады.

5. Көлік құралдарын сату, жалға, сенімді басқаруға немесе мүліктік жалға беру кезінде лицензия жаңа иесіне, жалға алушыға, сенімді тұлғаға немесе жалдаушыға осы құралдарды қабылдау-тапсыру актілерін ұсынғаннан кейін жалпы негізде беріледі.

6. Жеке немесе заңды тұлға тапсырылған тасымалдауларды орындауға шетелдік азаматтарды қатыстырған жағдайда оның шетелдік жұмыс күшін пайдалануға Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен немесе Алматы қаласының әкімшілігімен берілген лицензиясы

б о л у ы

т и і с .

7. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның, оның еншілес кәсіпорындарының қызметін лицензиялауды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инспекциясының комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) жүзеге асырады.<*>

Қалған заңды және жеке тұлғаларға лицензиялар беруді олардың тіркелу орындары бойынша Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының аумақтық о р г а н д а р ы жү р г і з е д і .

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2000 жылғы 5 қазандағы N 403-1 бұйрығымен .

8. Комиссия Қазақстан Республикасында жолаушылар мен жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаумен айналысу құқығына берілген барлық лицензиялардың т і з і л і м і н жү р г і з е д і .

Комиссияның құрамы және оның жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инспекциясының бұйрықтарымен анықталады.

2. Лицензияны ресімдеу тәртібі

9. Темір жол көлігімен тұрақты негізде тасымалдауларды жүзеге асыруға ниеттенген арыз берушіге қолдану мерзімі шектеусіз тиісті санатты басты л и ц е н з и я б е р і л е д і :

- 1) жүктерді тасымалдауға - Жүк;
- 2) жолаушыларды тасымалдауға - Ж;
- 3) жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға - ЖЖүк;
- 4) қауіпті жүктерді тасымалдауға (қауіпті жүктердің түрін көрсетумен) - Қ Ж ү к .

10. Басты лицензияда тасымалдауды жүзеге асырудың аумақтық салалары к ө р с е т і л е д і :

- 1) х а л ы қ а р а л ы қ ;
- 2) р е с п у б л и к а і ш і л і к ;
- 3) жергілікті және қала маңындағы.

11. Егер арыз беруші белгілі жүк мөлшерін және (немесе) жолаушылар санын тасымалдау бойынша шаруашылық операцияны жүзеге асыруға немесе осындай тасымалдармен белгілі уақыт айналысуға ниеттенсе, онда оған қолдану мерзімін көрсетумен бір жолғы лицензия беріледі.

Бір жолғы лицензияда басты лицензиядағыдай оның санаты мен қолданудың аумақтық саласы көрсетіледі (осы Нұсқаулықтың 9 және 10 тармақтары).

12. Заңды және жеке тұлғаның арызы бойынша және ол біліктілік талаптарына сәйкес болғанда түрлері, санаты және қолданудың аумақтық саласы әртүрлі бірнеше лицензиялар берілуі мүмкін.

Мысалы: бірі халықаралық және республикаішілік қатынастарда жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға басты лицензия (ЖЖүк), екіншісі - республикаішілік, жергілікті және қала маңындағы қатынастарда "сұйытылған газ" қауіпті жүкті т а с ы м а л д а у ғ а (Қ ж ү к) .

13. Лицензияларды беру немесе беруден бас тарту туралы шешім айлық мерзімнен, ал шағын кәсіпкерліктің субъектілері үшін барлық қажетті құжаттармен өтінішті берген күннен бастап 10 күннен кешіктірілмей қабылданады.

3. Есепке алу құжаты

14. Лицензиятта екі және одан артық өзі жүзетін көлік құралдары бар болғанда олардың әрбіріне есепке алу құжаты беріледі.

15. Есепке алу құжатында мыналар көрсетіледі:

- 1) оның нөмірі, берілген уақыты және қолдану мерзімі;
- 2) ол берілген лицензияның нөмірі, берілген уақыты және қолдану мерзімі;
- 3) лицензияның иесі, оның телефоны, факсы;
- 4) көлік құралының түрі;
- 5) жасалған жылы, уақыты және соңғы жөндеудің түрі;
- б) тасымалдаудың рұқсат етілген түрлері және іс-әрекет салалары, қауіпті жүктің түрі (с ы н ы б ы) ;
- 7) есепке алу құжатын берген орган.

16. Заңдарды бұзуды, көлік құралдарының сертификаттар мен қолданылатын стандарттардың талаптарына, сондай-ақ қызмет көрсететін қызметшілердің біліктілік талаптарына сәйкессіздігін айқындағанда, нақты көлік құралының есепке алу құжаты алынады. Сонымен қатар көлік құралы кемшіліктерді жойғанша пайдаланудан алынады.

4. Лицензиялық алым

17. Лицензиялық алымның мөлшері мен төлеу тәртібі салық заңдарымен а н ы қ т а л а д ы .

18. Басты лицензияны алу үшін арыз беруші екі шот бойынша 20 еселік есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы лицензиялық алымды төлейді: 98 процентті жергілікті бюджеттің кірісіне және жеке 2 процентті - лицензиардың ш о т ы н а .

19. "Ережелердің" 12 тармағына сәйкес, заңды тұлға қайта тіркелген жағдайда лицензия әрекет мерзімі аяқталғанға дейін күшін сақтайды.

Лицензияны жоғалтқан жағдайда көшірмесін беру лицензиялық алымнан 50 процент мөлшеріндегі қосымша төлемді енгізгеннен кейін жүзеге асырылады. Осы кезде жаңа берілетін бланкіде міндетті түрде "көшірме" мөртабаны қ о й ы л а д ы .

Есепке алу құжатының көшірмесін бергенде осыған ұқсас тәртіп орнатылады.

5. Арыз берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар

20. Лицензияны алу үшін заңды және жеке тұлғалар "Ережелердің" 8-бабында көрсетілген құжаттардан басқа арыз берушілердің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын мына құжаттарды көрсетеді:

1) Лицензияланатын қызметке жауаптыны тағайындау туралы бұйрық және темір жол тасымалдарына байланысты арнайы орташа немесе жоғарғы техникалық білімінің немесе темір жол көлігі жүйесінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі барын растайтын құжаттар;

2) Әрбір бөлімше бойынша темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен айналысатын аттестатты алған мамандардың тізімдері (3 - 10 қосымша);

3) Лицензияланатын қызметті жүзеге асыруға арналған жылжымалы құрамның, соның ішінде жалға алынған, сенімді басқарудағы немесе мүліктік жалдаудағы мүкәммалдық паркі туралы мәліметтер (11 қосымша);

4) Мүкәммалдық парктің тасымалдарға әзірлігі туралы анықтама (12 қосымша);

5) Меншікті жылжымалы құрамы болғанда - оны Ресей Федерациясы Қатынас жолдары министрлігінің Бас есептеу орталығының меншікті вагондар паркі мәліметтерінің автоматтандырылған банкінде (ВПМ АБ) тіркелуі туралы куәлік.

Осындай вагондарды тасымалдар үшін пайдалану "Меншікті жүк вагондарының жүріп тұруы мен есепке алыну ережелеріне" дәл сәйкестікпен жүзеге асырылуы тиіс;

6) жылжымалы құрамның тасымалдарды жүзеге асыруға жарамдылығы туралы санитарлық және өртті қадағалау органдарының қорытындысы;

7) Міндетті сақтандыру түрлерін растайтын құжаттар мен полистердің көшірмелері (қызметкерлерді өндірісте бақытсыздық жағдайларынан және кәсіби аурулардан және тасымалдаушының жолаушылардың алдында азаматтық жауапкершілігін сақтандыру);

8) Шетелдік заңды тұлғалар (резидент емес), шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін - салықтық тіркелуі туралы анықтама;

9) Шетелдік жұмыс күшінің жоқтығы туралы анықтама, ал оны пайдаланғанда - тиісті лицензияның көшірмесін;

10) Лицензия алуға бухгалтерлік сенімхат.

21. Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру үшін өтініш беруші қосымша мыналарды ұсынуға міндетті:

1) Жылжымалы құрамның қауіпті жүктердің нақты түрлерін (сыныптарын) тасымалдауды жүзеге асыруға жарамдылығы туралы санитарлық және өртті қадағалау органдарының қорытындысы;

2) Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруға тағайындалған қызмет көрсететін қызметшілердің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар ;

3) Тасымалдауға жататын қауіпті жүктердің тізбесі.

6. Лицензияны шақыртып алу және күшін тоқтату

22. Лицензияның күші "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар N 2200 Жарлығының 21-бабында көрсетілген жағдайларда тоқтайды.

23. Лицензиар сот арқылы лицензияны мына жағдайларда шақыртып алуы мүмкін :

- 1) лицензиядағы талаптарды лицензиат орындамағанда;
- 2) сот лицензиатқа темір жол көлігімен тасымалдар жасаумен айналысуға тыйым салғанда ;
- 3) лицензиар солар бойынша лицензияның күшін тоқтатқан себептерді жоймағанда .

24. Лицензиялық заңдарды бұзу деректерін айқындағанда Көлік инспекциясы және оның аумақтың органдары лицензияның күшін, осындай шешімнің себептерін көрсетумен, алты айдан асырылмайтын мерзімге тоқтатуға құқылы.

Лицензиат лицензияның күшін тоқтату туралы шешімге сот арқылы шағым беруге құқылы.

7. Жауапкершілік және бақылау

25. Лицензия беруден негізсіз бас тартуы немесе лицензиаттың құқығын бұзуы үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңдармен белгіленген тәртіпте жауап береді.

26. Лицензияларды есепке алуды, сондай-ақ лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы жүзеге асырады .

27. Темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдаумен лицензиясыз не болмаса лицензиялық нормалар мен ережелерді бұзумен айналысу заңдармен белгіленген әкімшілік, қылмыстық, мүліктік жауапкершілікке әкеп соқтырады .

28. Лицензиялық заңдар мен лицензияны қолдану шарттарын бұзуларды лицензиар өзі де, сонымен қатар оған тексеруші, бақылаушы, қадағалаушы, құқық қорғау органдары және олардың лауазымды тұлғалары, бұқаралық, ақпараттар құралдары, тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамдары, азаматтар көрсеткен мәліметтердің негізінде де анықтауы мүмкін.

29. Темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді лицензиялауға жататын тасымалдармен лицензиясыз айналысудың әрбір анықталған дерегі бойынша

Көлік инспекциясы және оның аумақтық органдары заңсыз алынған табыстың мөлшерін анықтау және оны бюджетке алып қою үшін тиісті материалдарды салық полициясының органдарына ұсынуға міндетті.

30. Бақылаудың түпкілікті мақсаты темір жол тасымалдарының қауіпсіздігін, санитарлық және экологиялық ережелерді қамтамасыз ету, көлік қызмет көрсетулерін тұтынушылардың құқықтары мен мүддесін қорғау болып табылады.

Лицензиялық ережелер мен шарттардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ "Ережелердің" 18 және 19 тармақтарымен қарастырылған Темір жол көлігінің мамандарын аттестаттауды жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі анықтайды.

1 қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясына

(заңды тұлғаның толық атауы)

Арыз

(іс-әрекеттің аумақтық саласы көрсетіледі: республикаішілік, жергілікті қатынаста темір жол көлігімен

(және қала маңындағы (лицензияның санаттары

көрсетіледі: жүктерді - Жүк, жолаушыларды - Ж, жолаушылар мен жүктерді - ЖЖүк, тасымалдауды жүзеге асыруға 199__ж."__"

қауіпті жүктерді - ҚЖүк) бастап 199__ж."__" дейінгі мерзімге (бір жолғы лицензия үшін) лицензия беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлға туралы мәліметтер:

Меншік нысаны

Құрылған жылы

Тіркеу туралы куәлік

(N, кім және қашан берген)

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй, N, телефон, факс)

Банкілік деректері _____

Қоса берілетін құжаттар _____

Басшы _____

(қолы)

(Т.А.Ә.а.)

Мөр орны

199__ж."__"_____ 199__ж."__"_____ арыз қарауға қабылданды.

(лицензиялау органының жауапты тұлғасының қолы, Т.А.Ә.а.)

2 қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясына

(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты)

Арыз

(іс-әрекеттің аумақтық саласы көрсетіледі: республикаішілік, жергілікті
_____ қатынаста темір жол көлігімен _____

және қала маңындағы)

(лицензияның санаттары

көрсетіледі: жүктерді - Жүк, жолаушыларды - Ж, жолаушылар мен жүктерді -
Ж Ж ү к ,

_____ тасымалдауды жүзеге асыруға 199__ж."__"_____

қауіпті

жүктерді

-

Қ Ж ү к)

бастап 199__ж."__"_____ дейінгі мерзімге(бір жолғы лицензия үшін)
лицензия беруіңізді сұраймын.
Жеке тұлға туралы мәліметтер:

Туған жылы _____
Төлқұжат мағлұматтары _____

(серия N, кім және қашан берген)
Шаруашылық субъектісін тіркеу туралы куәлік (қажет болған жағдайда)

(N, кім және қашан берген)

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй, N, телефон, факс)

Есеп айырысу шоты (егер болса) _____
(есепшот N, банкіні аты мен орналасқан жері)

Қоса берілетін құжаттар _____

(қолы) (Т.А.Ә.а.)

199__ж."__"_____ арыз қарауға қабылданды.
199__ж."__"_____

(лицензиялау органының жауапты тұлғасының қолы, Т.А.Ә.а.)

3 қосымша

Лицензиат _____

Қызмет _____ локомотив шаруашылығы

Телефондары _____

**Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен
айналысатын аттестатталған мамандардың**

Тізімі

N	Қызметтер мен кәсіптердің атауы, маманның тегі, аты, әкесінің аты	Білімі бойынша	Мамандығы бойынша	Соңғы аттестат тау өтілі уақыты
---	---	----------------	-------------------	---------------------------------

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

1. Депо бастықтары және олардың орынбасарлары				
1)				
2)				
3)				

2. Машинист-нұсқаушылар				
1)				
2)				
3)				

3. Локомотивтердің машинистері				
1)				
2)				
3)				

Лицензиат

қолы, тегі, а.,ә.а.

Мөрдiң орны

4 қосымша

Лицензиат

Қызмет _____ жол шаруашылығы (жолдың әрбір дистанциясы үшін)

Телефондары _____

**Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен
айналысатын аттестатталған мамандардың
Тізімі**

N	Қызметтер мен кәсіптердің атауы, маманның тегі, аты, әкесінің аты	Білімі бойынша	Мамандығы бойынша	Соңғы аттестат. жұмыс тау өтілі уақыты
1	2	3	4	5
1. Жол дистанциясының бастықтары және олардың орынбасарлары				
1)				
2)				
3)				
2. Жол бөлімшелерінің жол шеберлері				
1)				
2)				
3. Жасанды құрылыстар бойынша бригадирлер				
1)				
2)				
3)				
4. Жол монтерлары				
1)				
2)				

Лицензиат

қолы, тегі, а.,ә.а.

Мөрдiң орны

5 қосымша

Лицензиат _____

Қызмет ___ дабыл және байланыс шаруашылығы (әрбір байланыс және дабыл
д и с т а н ц и я с ы ү ш і н)

Телефондары _____

**Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен
айналысатын аттестатталған мамандардың**

Тізімі

№	Қызметтер мен кәсіптердің атауы, маманның тегі, аты, әкесінің аты	Білімі бойынша	Мамандығы бойынша	Соңғы аттестат.
			жұмыс өтілі	тау уақыты
1	2	3	4	5
1.	Дабыл және байланыс дистанцияларының бастықтары және олардың орынбасарлары			
1)				
2)				
2.	Дабылдың желілік құрылғыларына қызмет			
1)	көрсету бойынша аға электр механиктер			
2)				
3.	Байланыстың желілік құрылғыларына қызмет			
1)	көрсету бойынша аға электр механиктер			
2)				
4.	Дабыл және байланыс құрылғыларына қызмет			
1)	көрсету бойынша электр механиктер			
2)				

Лицензиат _____

қолы, тегі, а.,ә.а.

Мөрдiң орны

6 қосымша

Лицензиат _____

Қызмет ___ электрмен жабдықтау шаруашылығы (электрмен жабдықтаудың
әрбір дистанциясы үшін)

Телефондары _____

**Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен
айналысатын аттестатталған мамандардың
Тізімі**

N	Қызметтер мен кәсіптердің атауы, маманның тегі, аты, әкесінің аты	Білімі бойынша	Мамандығы бойынша	Соңғы аттестат тау өтілі уақыты
1	2	3	4	5

1.	Электр жабдықтау дистанцияларының бастықтары және олардың орынбасарлары			
1)				
2)				

2.	Аға энергия диспетчерлері			
1)				
2)				

3.	Аға электр механиктер			
1)				
2)				

4.	Электр механиктер			
----	-------------------	--	--	--

1)			
2)			

Лицензиат _____

қолы, тегі, а.,ә.а.

Мөрдiң орны _____

7 қосымша

Лицензиат _____

Қызмет ___ вагон шаруашылығы (әрбір жүк жолаушылар вагондарының депосы
ү ш і н)

Телефондары _____

**Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен
айналысатын аттестатталған мамандардың**

Тізімі

N	Қызметтер мен кәсіптердің атауы, маманның тегі, аты, әкесінің аты	Білімі бойынша	Мамандығы бойынша	Соңғы аттестат. жұмыс өтілі тау уақыты

1	2	3	4	5

1. Вагон депосының бастықтары және олардың орынбасарлары			
1)			
2)			

2. Техникалық қызмет көрсету пункттерінің 1) бастықтары			
2)			

3. Вагондардың аға қараушылары			
--------------------------------	--	--	--

1)			
2)			

4. Вагондарды тиеуге апаруда қызмет			
1) көрсететін вагонды қараушылар			
2)			

Лицензиат _____

қолы, тегі, а.,ә.а.

Мөрдiң орны

8 қосымша

Лицензиат _____

Қызмет ___ фирмалық қызмет көрсету үшін

Телефондары _____

**Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен
айналысатын аттестатталған мамандардың
Тізімі**

N	Қызметтер мен кәсіптердің атауы, маманның	Білімі	Мамандығы	Соңғы
	тегі, аты, әкесінің аты	бойынша	бойынша	аттестат.
		мамандығы	жұмыс	тау
			өтілі	уақыты

1		2		3		4		5

1. Директорлар және олардың орынбасарлары			
Жолаушылар тасымалдау шаруашылығының			
1) басшылары және олардың орынбасарлары			
2)			

2. Аудандық жүк стансаларының бастықтары			
--	--	--	--

1)			
2)			
_____	_____	_____	_____

3. Вокзалдардың бастықтары және олардың			
1) орынбасарлары			
2)			
_____	_____	_____	_____

4. Билет кассаларын меңгерушілер			
1)			
2)			
_____	_____	_____	_____

5. Коммерциялық ревизорлар			
1) Жолаушылар поездарын бақылайтын			
2) ревизорлар			
_____	_____	_____	_____

Лицензиат _____

қолы, тегі, а.,ә.а.

Мөрдiң орны

9 қосымша

Лицензиат _____

Қызмет ___ тасымалдау шаруашылығы (тасымалдаудың әрбір бөлімшесі үшін)

Телефондары _____

Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен айналысатын аттестатталған мамандардың

Тізімі

N	Қызметтер мен кәсіптердің атауы, маманның	Білімі	Мамандығы	Соңғы
	тегі, аты, әкесінің аты	бойынша	бойынша	аттестат.
		мамандығы	жұмыс	тау
			өтілі	
_____	_____	_____	_____	_____

1	2	3	4	5
_____	_____	_____	_____	_____

1.	Тасымалдау бөлімшелерінің бастықтары және олардың орынбасарлары			
1)				
2)				

2.	Станса бастықтары және олардың орынбасарлары			
1)				
2)				

3.	Аға, поезд, локомотив, станса және маневр диспетчерлері			
1)				
2)				

4.	Қозғалыс қауіпсіздігінің ревизорлары			
1)				
2)				

Лицензиат _____

қолы, тегі, а.,ә.а.

Мөрдiң орны

10 қосымша

Лицензиат _____

Қызмет ___ қозғалыс қауіпсіздігі бойынша (әрбір тасымалдау бөлімшесі үшін)

Телефондары _____

Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қызмет көрсетумен айналысатын аттестатталған мамандардың

Тізімі

N	Қызметтер мен кәсіптердің атауы, маманның тегі, аты, әкесінің аты	Білімі бойынша	Мамандығы бойынша	Соңғы аттестат. жұмыс тау өтілі уақыты

1	2	3	4	5

1. Қозғалыс қауіпсіздігі бойынша бас ревизор және оның орынбасарлары				
1)				
2)				

2. Бөлімшелердің қозғалыс қауіпсіздігі бойынша бас ревизорлар және олардың орынбасарлары				
1)				
2)				

3. Қозғалыс қауіпсіздігі бойынша бас ревизор аппаратының ревизорлары				
1)				
2)				

Лицензиат

қолы, тегі, а.,ә.а.

Мөрдiң орны

11 қосымша

Лицензияланатын қызметті жүзеге асыруға арналған жылжымалы құрамның, соның ішінде жалға алынған мүкәммалдық паркi туралы мәліметтер

(локомотив депосы, вагон депосы, жолаушылар вагонының депосы)

Жылжымалы құрамның үлгілері				соның ішінде
	пайдаланы.	пайдаланы.	жөндеуде	бұзылып
	латын парк,	майтын		тұрғанд.
	бірлік	парк,		беріл.
		бірлік		гені

1. Локомотивтер:					
жүк:					
а. Тепловоздар:					
N					
N					
...					
б. Маневрлік тепловоздар:					
N					
N					
...					
в. Электровоздар:					
N					
N					
...					

жолаушылар:					
а) Тепловоздар:					
N					
N					
...					
б. Электровоздар:					
N					
N					
...					

2. Вагондар:					
жүк:					
жабылған:					
N					
N					
...					
платформалар:					
N					
N					
...					

жартылай вагондар:					
--------------------	--	--	--	--	--

N					
N					
цистерналар					
N					
N					
изотермикалық вагондар:					
N					
N					
арнайы вагондар:					
N					
N					
контейнерлер					
3-тонналық					
5-тонналық					
10-тонналық					
20-тонналық					
40-тонналық					
<hr/>					
жолаушылар вагондар:					
N					
N					
купе:					
N					
N					
плацкарт:					
N					
N					
2 орындық ЖВ:					
N					
N					
облысаралық:					
N					
N					
вагон-ресторандар:					
N					
N					
багаж:					
N					
N					

почта-багаждық:					
N					
N					

Лицензиат
М.О.

қолы

Мүкәммалдық парктің тасымалдарға әзірлігі туралы анықтама

(депо бойынша)

N	берілген	жылжыма.	жылжы.	жасал.	контей.	жүк	қызмет	жүру	соңғы
	нөмірі	лы құрам	малы	ған	нерлер	көтергіштігі	саласы	учас	жөндеу
		ның	құрам.	жылы		немесе сый.		кесі	түрі
		моделі	ның			ымдылығы			және
			түрі						оның
									у а қ ы т ы

Лицензиат

қолы, тегі, а., ә.а.

Мөрдiң орны